

Қазақстан Республикасының
Президенті

ЖАРЛЫҚ



Президент
Республики Казахстан

УКАЗ

Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында және
республикалық баспасөзде жариялануға тиіс

**Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің
және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуы
мен жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы**

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес халықты терроризм актісінің қатерінің туындауы туралы уақтылы хабардар ету және оның жасалуына қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті ұйымдастыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Қоса беріліп отырған Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен жергілікті атқарушы органдары өз актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.
3. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін қолданыска енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н.Назарбаев



Астана, Ақорда, 2013 жылғы 9 тамыз

№ 611

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2013 жылғы 9 тамыздағы
№ 611 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат
мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік
жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі
ҚАҒИДАЛАРЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінің тәртібін белгілейді.

2. Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесі – бұл жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды ұйымдастыру мен атқару мақсатында қызметі терроризм актісінің (актілерінің) қатері салдарынан немесе жасалуынан туындейтын дағдарысты ахуалдар мониторингін және оларға болжам жасауды жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасының аумағында террористік қауіптіліктің деңгейін белгілеуге, терроризм актісінің (актілерінің) қатері немесе жасалуы кезінде мемлекеттік органдарға, меншік нысанына қарамастан ұйымдарға және халыққа ақпаратты және хабардар ету сигналдарын уақтылы жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған басқару органдарының, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар күштері мен құралдарының жиынтығы.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингі – республиканың түрлі өнірлерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының жекелеген участеклерінде терроризм актісінің (актілерінің) жасалу салдарынан немесе жасалу қаупі салдарынан туындейтын дағдарысты ахуалдар белгілерін анықтау мақсатында орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардан, бұқаралық ақпарат құралдары мен ашық және жабық сипаттағы басқа да дереккөздерден уәкілетті мемлекеттік органдардың ахуалдық орталықтарына, басқару пункттеріне, кезекші және диспетчерлік қызметтеріне тұрақты негізде келіп түсетін, елде және шетелде болып жатқан оқиғаларға қатысты ақпаратты жүйелі түрде жинау және өндөу;

2) дайындалып жатқан немесе жасалған терроризм актісі (актілері) туралы анық ақпарат (нақты деректер) – дайындалып жатқан немесе жасалған терроризм актісі (актілері) туралы объективті шындыққа (фактілерге) сәйкес келетін деректер.

2. Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің құрамы

4. Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің құрамына:

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті;

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі;

Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыйайлар жемқорлыққа қарсы құрес агенттігі (қаржы полициясы);

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі;

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі;

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі;

Қазақстан Республикасының «Сырбар» Сыртқы барлау қызметі;

жергілікті атқарушы органдар;

Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі;

Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергиясы комитеті;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендейк бақылау комитеті;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті;

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі кіреді.

3. Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына терроризм актісінің (актілерінің) қатері туындауы немесе жасалуы туралы ақпаратты жеткізу тәртібі

5. Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпаратты Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдардың ахуалдық орталықтары, басқару пункттері, кезекші және диспетчерлік қызметтері өз құзыретіне сәйкес тұрақты түрде қабылдайды, өндейді және байланыс арналары арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ахуалдық орталықтарына дереу жібереді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі күзететін адамдарға немесе объектілерге қатысты терроризм актісі жасалу қатерінің туындауы туралы осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар алған ақпарат та Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің кезекші қызметіне дереу жіберіледі.

Қазақстан Республикасының өнірлерінде терроризм актісінің (актілерінің) жасалуы немесе жасалу қаупі салдарынан дағдарысты ахуалдар туындаған кезде жағдай туралы ақпаратты облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдерінің аппараттары және орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері өз құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдарына жібереді.

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ахуалдық орталықтары террористік қауіптілік деңгейін анықтау мақсатында терроризм актісі қатерінің туындауы туралы келіп түскен ақпаратқа мониторингті, ұлттық мұдделерді қозғауы мүмкін халықаралық дағдарыстар мен шиеленістерді болжамдауды тұрақты негізде жүзеге асырады, террористік қатердің өрістеуі (таралуы, республиканың, басқа мемлекеттердің дағдарысты өнірлері, ақпараттық саладағы осал тұстарды табу) туралы тұрақты бағалаулар жүргізеді.

7. Дайындалып жатқан немесе жасалған терроризм актісі (актілері) туралы анық ақпараттың негізінде қоғамдық қауіптіліктің ауқымын және дәрежесін, терроризм актісінің мемлекет аумағына немесе оның жекелеген өнірлеріне тигізетін күтілетін теріс салдарлары мен сипатын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті ахуалдық орталықтарының басшылары террористік қауіптілік деңгейі туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын дереу хабардар етеді.

4. Қазақстан Республикасының аумағындағы террористік қауіптілік деңгейін анықтау және терроризм актісі қатерінің туындауы туралы халықты хабардар ету тәртібі

8. Қазақстан Республикасының барлық аумақтарында немесе өнірлері мен елді мекендерінің аумақтарында террористік қауіптіліктің мынадай деңгейлері:

бірқалыпты («сары») – терроризм актісі (актілері) жасалуының нақты мүмкіндігі туралы растауды талап ететін ақпарат болған кезде;

жоғары («қызығылт сары») – терроризм актісі (актілері) жасалуының нақты мүмкіндігі туралы расталған ақпарат болған кезде;

шекті («қызыл») – жасалған терроризм актісі туралы ақпарат, сондай-ақ терроризм актісін (актілерін) қайталап жасау немесе террористік түрғыдан осал объектілерге бір мезгілде террористік шабуылдар жасау мүмкіндігі туралы расталған ақпарат болған кезде белгіленуі мүмкін.

9. Егер қабылданған шаралардың нәтижесінде террористік қауіптіліктің қатері жойылса, онда террористік қауіптілік деңгейі алып тастауға жатады.

10. Қазақстан Республикасының жекелеген өнірлерінің және елді мекендерінің аумағында террористік қауіптіліктің бірқалыпты («сары») және жоғары («қызығылт сары») деңгейлерін белгілеу, өзгерту немесе алып тастау туралы шешімді Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті аумақтық органының бастығы облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімімен келісе отырып дереу қабылдайды, қабылданған шешім туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын (немесе оны алмастыратын адамды) және облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтарының мүшелерін міндетті түрде хабардар етеді.

11. Терроризмге қарсы күрес жөніндегі республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жедел штабтарын уақтылы өрістету мақсатында террористік қауіптіліктің белгіленген деңгейіне қарай Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Президенті Құзет қызметінің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, сондай-ақ өз құзыretі шегінде терроризмге қарсы іс-кимылға қатысатын басқа да мемлекеттік органдардың бірлескен нормативтік құқықтық актілерімен айқындалатын бірыңғай хабардар ету сигналы және олардың құрамына енетін мемлекеттік органдардың күштері мен құралдарын жауынгерлік пайдалануға келтірудің тиісті алгоритмдері қолданылады.

12. Қазақстан Республикасының жекелеген өнірлерінің және елді мекендерінің аумағында террористік қауіптіліктің бірқалыпты («сары») және жоғары («қызығылт сары») деңгейлері белгіленетін мерзімді, террористік қауіптілік деңгейі белгіленетін аумақтың шекарасын және осы Қағидалардың 15-тармағында көзделген шаралар тізбесін, егер Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы (немесе оны алмастыратын адам) өзге шешім қабылдамаса, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті аумақтық органының бастығы облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімімен келісе отырып айқындаиды.

13. Қазақстан Республикасының барлық аумағында террористік қауіптіліктің бірқалыпты («сары»), жоғары («қызығылт сары») деңгейлерін, Қазақстан Республикасының жекелеген өнірлерінің және елді мекендерінің аумағында, сол сияқты оның барлық аумағында террористік қауіптіліктің шекті («қызыл») деңгейін белгілеу, өзгерту немесе алып тастау туралы шешімді Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы (немесе оны алмастыратын адам) қабылдайды. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы (немесе оны алмастыратын адам) террористік қауіптіліктің көрсетілген деңгейлері белгіленетін мерзімді, шегінде олар белгіленетін аумақтың шекараларын және осы Қағидалардың 15-тармағында көзделген шаралар тізбесін айқындаиды.

14. Террористік қауіптіліктің деңгейін белгілеу, өзгерту немесе алып тастау және ол белгіленетін мерзім, сондай-ақ шегінде ол белгіленетін аумақтың шекаралары, террористік түрғыдан осал объектілер, террористік қауіптілік қатері төнген көлік объектілері, оны жою бойынша құзыретті мемлекеттік органдар қабылдайтын шаралар, дағдарысты жағдайлардағы азаматтық түрғындардың іс-кимылдары туралы халықты хабардар етуді Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті және оның аумақтық органдары Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігімен, Қазақстан Республикасы Қоғамдық мінистрлігімен, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігімен, жергілікті атқарушы

органдармен, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметімен бірлесіп бұқаралық ақпарат құралдары және телекоммуникация желілері арқылы, атап айтқанда:

«Адамдардың өміріне, денсаулығына тәнген қауіп-қатер және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қалыптасқан жағдайдағы іс-кимылдар тәртібі туралы халықты хабардар ету, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде телерадио хабарларын тарату желілерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы №1112 қаулысына сәйкес телерадиохабар желілері;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен мемлекеттік органдардың интернет-ресурстары;

«Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы З-тармағына сәйкес ұялы байланыс;

мерзімді баспа басылымдары жүзеге асырады.

Террористік қауіптілік деңгейі туралы сиртқы (көзге көрінетін) болуы және адамдар көп жиналатын объектілерде плакат, стенд, жарық таблосы, билбордтар, транспаранттар түрінде орналастырылуы мүмкін.

Террористік қауіптілік деңгейі туралы сиртқы (көзге көрінетін) ақпаратты орналастыру іс-шараларын жергілікті бюджет қаражаты есебінен жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

15. Белгіленген террористік қауіптілік деңгейіне сәйкес терроримзге қарсы құрес бойынша республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) жедел штабтарының қызметін ұйымдастыруға тартылған мемлекеттік органдар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар өз құзыретіне сәйкес жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мынадай шаралар қабылдайды:

1) террористік қауіптіліктің «сары» деңгейінде:

терроризм актісінің болуы мүмкін екендігі туралы ақпаратты тексеру бойынша іс-шаралар;

аумақтық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың терроризм актілерінің салдарын жоюға арналған күштері мен құралдарының, сондай-ақ құтқару жұмыстарын жүргізу үшін пайдаланатын техникалық құралдардың және арнайы жабдықтардың есебін нақтылау;

мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының жедел немесе шұғыл түрде медициналық көмек көрсету бойынша, сондай-ақ терроризм актісі салдарынан физикалық зиян келтірілуі мүмкін адамдарды медициналық эвакуациялауды ұйымдастыру бойынша мүмкіндігін бағалау;

полиция нарядтарын және әскери қызметшілердің жекелеген санаттарын, сондай-ақ террористік түрғыдан осал объектілердің дағдарысты ахуалдарды оқшаулау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын персоналы мен бөлімшелерін, алынған ақпаратқа байланысты тиісті салада мамандарды тарта отырып, нұсқамадан өткізу;

көшелерге, аландарға, стадиондарға, скверлерге, саябақтарға, теміржол магистральдары желілеріне, теміржол вокзалдарына, әуежайларға, теңіз және өзен порттарына, метрополитен объектілеріне, бұқаралық және көпшілік іс-шаралар өткізетін орындарға, басқа да қоғамдық жерлерге, оның ішінде кинология қызметінің мамандарын тарта отырып, күшейтілген патрульдер шығару;

әуежайларда, теңіз және өзен порттарында, метрополитен объектілерінде, теміржол вокзалдарында және сапаржайларда арнайы техникалық құралдарды қолдана отырып тексеріп қарау іс-шараларын өткізу барысында режимдік шараларды күшайту;

жарылғыш құрылғылар қою орындарын анықтау мақсатында инфрақұрылым объектілерін, жылу, газ құбырларын, газ тарату станцияларын, энергетика жүйелерін тексеруді және қарап шығуды жүзеге асыру;

көпшілік қатысатын және бұқаралық іс-шараларға қатысушылардың негізгі маршруттарына инженерлік-техникалық барлау жүргізу, жарылғыш құрылғыларды анықтау және залалсыздандыру мақсатында террористік тұрғыдан осал объектілерді және адамдар көп жиналатын орындарды зерттеп қарау;

буолуы мүмкін терроризм актісінің қатері және қажетті іс-қимылдар туралы халықты хабардар ету;

2) террористік қауіптіліктің «қызығылт сары» деңгейінде (террористік қауіптіліктің «сары» деңгейі белгіленгенде қабылданатын шаралармен қатар):

әуе, су, автомобиль, теміржол көліктерінде, сондай-ақ террористік тұрғыдан осал объектілерде терроризм актілерін дайындауга және жасауга қатысы бар адамдарды іздеуді үйімдастыру жөніндегі шараларды жандандыру;

террористік қауіптілік деңгейі белгіленген аумақтың шегінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы №1427 қаулысымен бекітілген Ішкі мигранттарды тіркеу қағидаларын Қазақстан Республикасы азаматтарының, оның ішінде лауазымды адамдардың сақтауына, сондай-ақ шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында уақытша болу немесе тұрақты тұру, Қазақстан Республикасына кіру, Қазақстан Республикасынан шығу және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өту тәртібін сақтауына бақылауды күшайту;

терроризм актісінің қатерін жоюға тартылған күштер мен құралдарды практикада қолдану бойынша дайындық іс-шараларын өткізу;

террористік тұрғыдан осал объектілердің дағдарысты ахуалдарды оқшаулау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын персоналды мен белімшелерінің дайындығын тексеру және олардың терроризм актісінің жолын кесу мен адамдарды құтқару жөніндегі мүмкін болатын іс-қимылдарын пысықтау;

терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген жағдайда жекелеген жергілікті жер участекелерінен және объектілерден көшірілген адамдарды уақытша орналастыруға жарамды орындарды, сондай-ақ оларды азық-түлікпен және киіммен қамтамасыз ету көздерін анықтау;

көлік құралдарын – адамдарды эвакуациялауға, мемлекеттік денсаулық сақтау үйымдарын – терроризм актісі салдарынан физикалық және моральдық зиян келтірілуі мүмкін адамдарды қабылдауға жоғары дайындық режиміне келтіру;

терроризмге қарсы операцияны өткізу үшін жедел штабтарға берілген күштер мен құралдарды дайындық жағдайына келтіру;

террористік түрғыдан осал объектілерді құзетуді қүшейту;

террористік қауіптілік деңгейі белгіленген аумақта көлік құралдарының қозғалысын бақылауды қүшету, қару мен жарылғыш заттарды анықтайтын техникалық құралдарды қолдана отырып, көлік құралдарын тексеріп қараудан өткізу;

3) террористік қауіптіліктің «қызыл» деңгейі белгіленген кезде (террористік қауіптіліктің «сары» және «қызығылт сары» деңгейі енгізілген кезде қабылданатын шаралармен қатар):

тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау үйымдарын төтенше режимге көшіру;

терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген жағдайда жекелеген жергілікті жер участкерінен және объектілерден көшірілген адамдарды уақытша орналастыру пункттерін құру, терроризм актінен (актілерінен) зардал шеккен адамдарды уақытша орналастыру пункттерін қауіпсіз аймақтарда құру, адамдардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін мүлікті (азық-тұлік, киім және басқа да мүлік) жеткізуді үйымдастыру;

адамдарды құтқару, қараусыз қалған мүлікті құзету бойынша жедел шаралар қолдану, құтқару қызметтерінің және құралымдарының үздіксіз жұмыс істеуіне жәрдемдесу.

Террористік қауіптіліктің «қызығылт сары» және «қызыл» деңгейлерінде респубикалық, облыстық, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданының (облыстық маңызды қаланың) терроризмге қарсы курес жөніндегі жедел штабы басшысының шешімі бойынша «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Занының 15-1-бабында көзделген шаралар қолданылуы мүмкін.

16. Террористік қауіптіліктің деңгейлерін белгілеу, өзгерту немесе алып тастау туралы шешім, сондай-ақ террористік қауіптілік деңгейі белгіленген мерзімдер туралы және шегінде ол белгіленетін аумақтың шекаралары туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдары арқылы дереу жариялануға тиіс.
